



**«Нұрбанк» АҚ Басқармасы бекітті  
2018 жылдың «25» мамырында  
№ 42 Хаттама**

**Банктік шот ашпастан, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу жөніндегі келісімшарт (қосылу туралы келісімшарт)**

Банктік шот ашпастан, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу жөніндегі келісімшарттың осы типтік үлгісі «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының (бұдан былай - Банк) бірнеше мекенжайда орналасқан өз филиалдары мен олардың қосымша жайлары арқылы төмендегідей төлем қызметтерін жүргізудің шарттары мен тәртібін анықтап береді:

ақша жіберушіге (бұдан былай – Клиент) банктік шот ашпастан, төлем жүргізу үшін қолма-қол ақшаны қабылдауға қатысты қызметтер;

банктік шот ашпастан Клиенттің ақшаларын аудару қызметтері;

банктік шотқа, соның ішінде үшінші тұлғалардың банктік шотына аудару үшін Клиенттен қолма-қол ақша қабылдау қызметтері,

бұдан былайбірге немесе жеке алғанда «Төлем қызметі» деп аталады. Банк пен Клиент осы Келісімшарт бойынша бірге «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» деп аталады.

**1. Келісімшарттың мәні**

1.1. Осы Келісімшарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес Тараптар жасайтын қосылу келісімшарты болып табылады, Клиент оның шарттарын осы Келісімшартқа толығымен қосылған кезде ғана қабылдай алады.

1.2. Банктің бірнеше мекенжайда орналасқан филиалында немесе оның қосымша жайларында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақша аудару өтінішіне, төлем тапсырмасын беруге/хабарлама немесе төлем жасау және (немесе) ақша аудару үшін Клиенттен Банктің ақша қабылдауына, банктік шот ашпастан, төлем жүргізу үшін Клиенттен Банктің қолма-қол ақшаны қабылдауы үшін және (немесе) банктік шотқа, соның ішінде үшінші тұлғалардың банктік шоттарына ақша аудару (бұдан былай – Операция) өтінішке қолын қою, сонымен қатар Банктің электронды терминалдары арқылы Операциялар жүргізуі, Операция жүргізуге қажетті ақша енгізуі және Банктің комиссияларын төлеуі Клиенттің осы Келісімшартқа қосылғандығын және Банктің Төлем қызметтерін көрсетуіне негіз болғанын білдіреді.

1.3. Клиенттің (өкілі) Операция жүргізу туралы нұсқаулықты толтыруы, қол қоюы және (немесе) тапсыруы, соның ішінде Банктің электронды терминалдарын қолдана отырып, осы істерді атқаруы:

Клиент осы Келісімшарттың шарттарын оқып шыққанын, түсінгенін және қандайда бір ескертулер мен қарсылықсыз толық көлемде қабылдағанын;

осы Келісімшарт Клиенттің ақылға қонымды мүддесінен әрекет еткенде қабылдамайтын, Клиентке ауыртпалық туғызатындай қандайда бір шарттарды қамтымайтынын;

егер Банктің қолында осы Келісімшартта белгіленген тәртіпте Клиенттің бастамасымен толтырылған төлем құжатының бір нұсқасы болса, Клиенттің Операция жүргізу мақсатында ақша енгізгенінің дәлелі болса, Клиент Келісімшартта қолының болмауын оны оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде келтіруіне құқығы жоқ екенін;

Клиент Банктің Төлем қызметтерін жүргізу шарттарымен және тәртібімен келіскенін;

осы Келісімшарттың барлық шарттарының толық көлемде Клиенттің мүддесімен және еркіндік қалауымен сәйкес келетіндігін;

осы Келісімшартты жасау мен оның шарттарын орындау Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының Клиентке қатысты қолданатын қандайда бір нормаларын бұзбайтынын және бұзылуына алып келмейтінін. Банк көрсетіп отырған Төлем қызметтері аясында Банктің Клиенттен қабылдап алған барлық құжаттаросы Келісімшарттың ажыратылмас бөлшегі болып табылатынын білдіреді.

1.4. Банк Төлем қызметтерін көрсетерден бұрын Клиентке алынатын комиссияның ақша түріндегі мөлшері туралы ақпаратты береді немесе мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, тікелей Операция жасалғанда алынатын комиссияның сомасы көрсетеді (төлемдерді Банктің электронды терминалдары арқылы жүргізгенде). Осы Келісімшартта қарастырылған Төлем қызметтері туралы толық ақпаратты, оған қоса Банкке Төлем қызметтерін көрсету туралы нұсқаулықтарды берудің тәсілдері мен олардың қандайда бір артықшылықтарын (Банктің филиалына жүгіну арқылы, төлемдерді Банктің электронды терминалдары арқылы), Төлем қызметтерін көрсетудің стандартты мерзімдері, қажетті құжаттардың тізімі, Төлем қызметтерін көрсеткені үшін Банк өндіріп алатын комиссиялық сыйақының (комиссияның) көлемі (бұдан былай – Банк Тарифтері) туралы және басқа да ақпаратты Клиент Банктің филиалына немесе бірнеше мекенжайда орналасқан оның қосымша жайларына тікелей келген кезінде (ауызша және (немесе) жазбаша), Төлем қызметтерінің құны көрсетілетін электронды терминалдар арқылы Операция жүргізгенде, сондай-ақ [www.nurbank.kz](http://www.nurbank.kz) мекенжайында орналасқан Банктің корпоративтік интернет-ресурсынан және (немесе) Банктің Байланыс орталығының телефон нөмірлері арқылы алады.

## **2. Төлем қызметтерін көрсету тәртібі**

2.1. Астана қаласының уақытымен сағат 09:00-ден 18:00-ге дейінгі белгіленген операциялық күн ішінде Банк Клиентке Төлем қызметтерін көрсетеді. Операциялық күннің ұзақтығына өзгерістер жасалғаны туралы ақпаратты Банк өзінің [www.nurbank.kz](http://www.nurbank.kz) мекенжайындағы Банктің корпоративтік интернет-ресурсіне хабарландыру орналастыру арқылы, сондай-ақ Банктің бірнеше мекенжайда орналасқан операциялық залдарына, қосалқы жайларына көзге түсетін орынға хабарландыруды орналастыру арқылы Клиенттің назарына жеткізеді. Банк нұсқау мен оның кері қайтарылуы немесе уақытша тоқтатылуы туралы өкімді операциялық күннің ішінде ғана қабылдайды және орындайды. Егер нұсқау мен оның кері қайтарылуы немесе уақытша тоқтатылуы туралы өкім Банк белгілеген операциялық күн аяқталған кейін жеткен болса, онда мұндай нұсқау мен өкім келесі операциялық күннің басында Банкке жеткізілді деп есептеледі.

2.2. Төлем қызметтерін көрсетудің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасы заңнамасымен Төлем қызметтерінің осы түріне белгіленген мерзімнен асып кетуіне мүмкіндік жоқ.

2.3. Клиент Операция жүргізу және Банк Тарифтеріне сәйкес Банк комиссиясын (комиссия алынатын жағдайларда) төлеу үшін Банкке ақша салады. Банк Клиент салған соманың шегінде Төлем қызметін көрсетеді.

2.4. Клиент Төлем қызметтерін алу мақсатында ақша салғаннан кейін Банк Клиентке сәйкесінше растайтын құжатты (чек/түбіртек) береді, оның мазмұны мен формасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

2.5. Банк келесі жағдайларда төлем құжаттарын орындауға қабылдамайды, Операция жүргізуден бас тартады және Банк Клиенттің (өкілінің) Операция жүргізуге берген нұсқауларын орындаудан бас тартуынан Клиентке келген шығындар үшін Банк жауапкершілікке тартылмайды:

Клиент төлем және (немесе) аударым жасауға қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген;

нұсқаулықтың мазмұны түсініксіз, жасандылық, түзеткен, қосымша енгізген, қолмен түзетілген белгілер байқалған, сонымен қатар нұсқау заңсыз төлемдерге қарсы жасалған қорғаныс әрекеттерінің тәртібін бұза отырып, жеткізілгенде;

Клиент нұсқауды әзірлеу мен ұсыну талаптарын ұстанбаған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Келісімшарттың шарттарында белгіленген басқа талаптарды орындамаған;

Операцияны жүргізу туралы нұсқау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын мазмұнда берілгенде;

заңсыз төлем анықталғанда, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаның заңсыз жолмен алынғаны туралы дерек анықталған және расталған жағдайларда;

Клиент (өкіл) туралы мәліметтің шынайылығын тексеру мен жаңартуға байланысты шараларды Банк қабылдай алмаған жағдайда;

Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында (бұдан былай – ҚКЗ/ТҚ Заңы) және (немесе) Қазақстан Республикасының банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттармен және осы Келісімшарттың шарттарымен Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшартта қарастырылған талаптарға сәйкес Клиентті (өкілді) лайықты түрде тексеруге мен Төлем қызметтерін көрсетуге қажетті мәліметтер мен ақпараттарды Клиент (өкіл) беруден бас тартқанда;

КЗ/ТҚ Заңында, Қазақстан Республикасының «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Заңында, Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшартта немесе Қазақстан Республикасының банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттарда, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа да жағдайларда;

Банктің пікірінше Банктің қызметін жүргізуіне жағымсыз ықпал ететін өзгерістер алған немесе осы Келісімшарт бойынша міндеттердің орындалуы Банктің қаржылық жағдайының нашарлауына/зиян тартуына алып келеді деп есептеген жағдайларда. Банк нұсқауды алған күнгі операциялық күннің ішінде, орындаудан бас тарту себебін көрсете отырып, нұсқауды орындаудан бас тартады.

2.6. Аударым (соның ішінде халықаралық) жасалған кезде:

Клиенттің операциясын орындауға қатысатын банк-корреспонденттің сұранысы бойынша Операция мен оған қатысатын тұлғаларға қатысты мәліметтер мен түсініктемелерді Банктің беруіне сөзсіз және кері алынбайтын келісімін Клиент береді;

Банктің қолында жоқ, алайда Операцияны аяқтау үшін банк-корреспондентке берілуі тиіс мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды Банктен сұратқан жағдайда, Клиент мұндай мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қажетті көлем мен мерзімде Банкке беруге міндетті. Осы орайда, Клиенттің аталмыш мәліметтерді, түсініктемелер мен құжаттарды бермеуі салдарынан ақша аудару мүмкін болмағандықтан аударым жасамағаны үшін Банк жауапкершілікке тартылмайды.

2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын басшылыққа ала отырып Клиенттің Ақшасын аудару операциясын жасағанда немесе белгілі бір шетелдік мемлекеттің халықаралық аударымдарын жасағанда Банк-корреспондент төмендегідей құқықтарды иеленеді:

жасалатын Операция туралы қажетті кез-келген қосымша мәліметтер алу мақсатында Клиенттің ақшасын аударуды белгісіз мерзімге тоқтат тұру;

ақшаны Банкке қайтара отырып, ақша аударудан бас тарту себебін көрсетпестен, ақша аударуды аяқтаудан бас тарту;

белгісіз бір мерзімге ақшаны бұғаттау.

Осы тармақта көрсетілген себептердің салдарынан Операцияны аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, Банк Операция жүргізуге қатысатын және төленген комиссияларды Клиентке қайтара алмаған банк-корреспонденттердің әрекеттері үшін жауап бермейді.

2.8. Төлем құжатында көрсетілген ақпараттардың дұрыстығы үшін Клиент жауап береді және төлем құжатында/Операция жүргізген кезде қате мәліметтер көрсетілген жағдайда, Банктің осы Келісімшарт бойынша өз міндеттерін орындауына байланысты қандайда бір кінәратты Банкке артуына құқығы жоқ.

2.9. Банк көрсеткен Төлемдік қызметтер үшін, соның ішінде халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізгені үшін алынатын, Клиенттің осы Келісімшартқа қосылған сәтінде әрекет еткен Банктің Тарифтеріне сәйкес комиссияларды, Клиент Клиенттің нұсқауы мен Банктің комиссиясына сәйкес Операция жүргізуге жеткілікті қолма-қол ақша сомасын салу арқылы Банкке төлейді.

2.10. Шетел валютасындағы ақша аудару Операциясын жүргізген кезде, Операция осы Келісімшартты жасаған сәтте қолданыста болған Банк Тарифтеріне сәйкес комиссияны ала отырып, Операция жүргізілген сәттегі Банк белгілеген айырбас бағамына сәйкес жүргізіледі.

2.11. Банк валюталық Операцияларды Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасына, банкаралық практикаға, Банктің ішкі ережелері мен осы Келісімшартқа сәйкес жүргізеді.

2.12. Шетел валютасындағы Операция жүргізуге қатысты, Қазақстан Республикасы/шетелдік мемлекеттің заңнамасында шетелдік валютаға қойылған шектеулерден, бірақ мұнымен де шектелмей, валюталық бақылау немесе валюталық шектеулер енгізуге байланысты туындауы мүмкін тәуекелдерді Клиент өз мойнына алады.

2.13. Заңсыз төлемдерден және (немесе) ақша аударымдарынан қорғаныс элементтері ретінде Банк төмендегілерді пайдаланады:

жеке басын куәландыратын құжат бойынша Клиентті (өкілін) сәйкестендіру;

жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімін тексеру;

Клиенттің (өкілдің) жеке басын куәландыратын құжаттағы мәліметтерді Банктің операциялық жүйесіндегі мәліметтермен салғастыру.

Төлемді және (немесе) ақша аударымын электронды терминал арқылы заңдастыру мен қорғауды Клиенттің (өкілінің) өзі тікелей Операция жүргізген кезде атқарады. Клиент қате толтырылған нұсқау туралы хабарлаған жағдайда, Банк Клиенттің (өкілдің) Операция жүргізуге берген нұсқауының Операция жүргізуге деген бастамашылығы (заңдастыру) туралы мәліметтерін немесе Клиенттің (өкілдің) оны кері қайтару туралы өкімін тексереді және орын алуы мүмкін қателерді анықтайды.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Клиент құқылы:**

3.1.1. Төлем қызметтерінің лайықты көрсетілгеніне күдік туындаған жағдайда (Клиенттің мәліметі бойынша төлемді/аударылған ақшаны алушы (бенефициар) алмаған, төлем және (немесе) аударылатын ақша сомасы Клиенттің нұсқауымен сәйкес келмейді және басқасы), қосымша ақпараттарды, Төлем қызметін көрсетуге қатысты растамалы құжаттардың көшірмелерін алу үшін Банкке жүгінуге;

3.1.2. Банк нұсқауды орындамас бұрын және (немесе) Банк бенефициарға оның пайдасына төлемнің қабылданғаны туралы ақпаратты жібермес бұрын нұсқауды кері қайтару және Банктің Клиент нұсқауын орындауды тоқтата тұру туралы өкімін Банкке бере отырып, осы Келісімшартты бұзуға. Орындалмаған немесе толық көлемде орындалмаған төлем құжатын кері қайтару туралы Клиенттің өкімін алғанда, Банк төлем құжатын орындамайды және осындай өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, оны Клиентке қайтарады, бір мезгілде Клиентке түскен өкімнің орындалғаны туралы хабарламасын (телефон/электронды пошта арқылы) Клиентке жібереді. Клиенттің төлем құжатын кері қайтару туралы өкімі Банк төлем құжатын орындағанға дейін және (немесе) Банк бенефициарға оның пайдасына төлем қабылданғаны туралы ақпаратты жібергенге дейін ақшаны, соның ішінде Клиент төлеген ақшаны қайтаруды Клиент ұсынған деректемелер бойынша Клиенттің банктік шотына

қолма-қол тәсілмен немесе ақша аудару арқылы Банк жүргізеді. Клиенттің төлем құжатын кері қайтару туралы өкімі Банк төлем құжатын орындап қойғаннан кейін түскен жағдайда, Банк комиссияны қайтармайды.

### **3.2. Клиент міндетті:**

3.2.1. Банкке осы Келісімшарт жасалған күні қолданыста болған Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің төлем қызметтерін төлеуге;

3.2.2. Төлем қызметтерін алу мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен Банктің ішкі құжаттарын есепке ала отырып рәсімделген жазбаша нұсқауларын Банкке беруге;

3.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасының, ҚКЗ/ТҚ Заңының, Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттардың және Қазақстан Республикасының банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттардың талаптарының орындалуын тексеру мақсатында Банк талап еткен лайықты түрде рәсімделген құжаттар мен қосымша ақпараттарды және (немесе) құжаттарды ұсынуға;

3.2.4. осы Келісімшарттың шарттарынан туындаған Банкке қойылған құқықтарды, Банктің келісімінсіз үшінші тұлғаларға өткізбегуге.

### **3.3. Банк құқылы:**

3.3.1. Төлем қызметтерін жүргізгені үшін Клиенттен осы Келісімшарт пен Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте комиссия алуға;

3.3.2. Төлем қызметтерін жүргізуге қажетті, сонымен қатар КЗ/ТҚ Заңында, Банктің ішкі құжаттарында және осы Келісімшартта қарастырылған жағдайларда құжаттар мен ақпараттарды талап етуге;

3.3.3. келесі жағдайларда іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тартуға:

Клиентті (өкілді) сәйкестендіруге қажетті мәліметтерді тіркедің Банкте мүмкіндігі болмаған;

Клиент іскерлік қарым-қатынасты қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған.

3.3.4. Банктің қылмыстық іс-қимылға және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа бағытталған сұлбаға тартылу жағдайларының алдын алу мақсатында Банк күдікті Операцияларға қатысты өлшемдердің талаптарын белгілеуде өз қалауымен әрекет етуге және мұндай Операцияларды уақытша тоқтатуға немесе жүргізуден бас тартуға құқылы.

### **3.4. Банк міндетті:**

3.4.1. Қазақстан Республикасының «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Заңында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Клиенттен түскен нұсқауда Операция жүргізуге қажетті деректемелер көрсетілген, Клиент (өкіл) Төлем қызметтерін көрсетуге қажетті құжаттар мен ақпараттарды, соның ішінде ҚКЗ/ТҚ Заңында, Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттарда, банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттарда және осы Келісімшарттың шарттарында қарастырылған құжаттар мен ақпараттарды ұсынған жағдайларда, Клиент бастамашылық көрсеткен күні осы Келісімшартта қарастырылған Төлем қызметтерін көрсетуге;

3.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Келісімшарт пен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

3.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшартта, банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттарда және осы Келісімшартта қарастырылған негіздер бойынша Операциялардың үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін құпиялығына кепілдік беруге;

3.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Клиенттен басқа да жолдар арқылы алынған дербес мәліметтерді бермеуге және жарияламауға.

#### 4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап алдында осы Келісімшарт бойынша өзіне алған міндеттерін бұзғаны үшін – осы Келісімшартқа сәйкес, ал осы Келісімшарт реттемейтін басқа жағдайлардың барлығында – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4.2. Клиент келесі жағдайлар үшін жауапкершілікке тартылады:

осы Келісімшарт шарттарының лайықты орындалуы;

пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізіліп жатқан төлемді және (немесе) ақша аударымын алушы туралы ақпараттың және оның деректемелерінің шынайылығы, төлем және (немесе) ақша аударымының тағайындалуын сәйкестендіретін төлемдік деректемелердің шынайылығы, сондай-ақ ҚКЗ/ТҚ Заңына, Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттарға, банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттарға және осы Келісімшарттың шарттарына сәйкес Банктің сұранысы бойынша Клиент (өкіл) берген мәліметтер мен ақпараттардың шынайылығы үшін;

Клиент жүргізген Операциялардың заңдылығы мен Төлем қызметтерін жүргізуге негіздеме болған, Банкке берілген төлем құжаттарының шынайылығына.

4.3. Тараптар Келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық орындамаған немесе бөлігін орындамағаны үшін, егер олар осы жағдайда төтенше және еңсерілмейтін күштің (Форс-мажор), атап айтқанда: табиғи апаттар (зілзала, су тасқыны ж.б.) соғыс, әскери іс-қимылдар, лаңкестік актілер, әдейі өртеуді қоспағандағы өрт пен Тараптардың күш-жігеріне тәуелсіз басқа да жағдайлар, бірақ бұлармен де шектелмейтін, сондай-ақ Тараптардың Келісімшарттағы міндеттемелерін орындауларына кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары қабылдаған жағдайларда жауапкершіліктен босатылады. Бұл орайда Тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімі еңсерілмейтін күштер жағдайының әрекет ету мерзіміне тең уақытқа ұзартылады.

4.4. Клиентке залал келтіргені үшін, соның ішінде Клиенттің нұсқауын орындаудан немесе лайықты орындаудан негізсіз бас тартқан жағдайда, Банк Клиентке келген залалды Клиент жазбаша талабын тапсырған сәтте әрекет еткен айлық есептік көрсеткіштің 2 (екі) айлық көлемінде өтейді. Залалдарды өтеудің тәсілін Тараптар келіседі.

4.5. Банк жауапкершілікке тартылмайды:

Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде ҚКЗ/ТҚ Заңына, Қазақстан республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшартқа, банктер-бейрезиденттерімен жасалған келісімшарттар мен осы Келісімшартқа сәйкес Операция жүргізуден, сондай-ақ уақытша тоқтатудан бас тартқаны үшін;

осы тармақ пен Келісімшартта жоғарыда берілген негіздерге сүйен отырып, Банктің Операцияны уақытша тоқтатқаны/бас тартқаны салдарынан Клиентке келген шығындар, соның ішінде Клиент пайда жіберіп алғаны үшін;

Клиент немесе оның өкілі деректемелерін қате көрсеткен, сондай-ақ Банктің қамтама бағдарламасының жұмысында іркіліс болған, ақшаны алушы банк төлемді және (немесе) ақша аударымын қабылдамай қойған жағдайларда, төлем құжатын орындамағаны үшін;

Клиенттің нұсқауы түсініксіз, толық емес немесе дәл болмауы нәтижесінде және Банкке тәуелсіз басқа себептермен осы Келісімшарт бойынша міндеттерін орындамағаны немесе лайықты орындамағаны үшін;

Ақша алушыны және/немесе оның бенефициарлық меншік иелерін және/немесе ақша алушының банкін БҰҰ және/немесе OFAC және/немесе Еуроодақтың Қауіпсіздік

Кеңесінің санкция қою тізіміне немесе АҚШ Қазынашылық департаментінің және АҚШ Мемлекеттік департаментінің SpeciallydesignatedNationals және Designated IRGC Affiliatedand DesignatedIran Linked FinancialInstitutions тізіміне және/немесе Клиенттің сол нұсқауын бұғаттауға немесе орындамай қайтаруға әкеп соқтырған басқа санкциялық тізімдерге кіргізуіне байланысты көрсетілген аударымды орындамағаны үшін Банк жауапты болмайды;

Банк комиссиясының (тарифтерінің) мөлшерін, Банктің операциялық күнінің ұзақтығын Банк өзгерткені туралы Клиенттің хабарсыз болғаны үшін.

## **5. Келісімшарттың әрекет ету шарттары**

5.1. Клиент Банкке Төлем қызметтерін алу үшін жүгінген сәтте Банк Клиенттің нұсқауын орындауға қабылдаса және (немесе) осы Келісімшарттың жасалу дерегін растайтын Операцияны жүргізу мақсатында Клиент ақша салса, осы Келісімшарт жасалған деп есептеледі.

5.2. Осы Келісімшарт Банк бірреткі Төлем қызметтерін көрсетуді аяқтағанға/осы Келісімшарт бойынша Клиенттің нұсқауын орындағанға дейін әрекет етеді.

5.3. Клиенттің бастамашылығымен жаңа Төлем қызметтерін көрсету жосығы іске қосылған сайын осы Келісімшарт, Банкке төлем құжаты берілген және (немесе) Операция жүргізу үшін ақша салған күні әрекет еткен шарттармен қайта жасалған деп есептеледі.

5.4. Клиент Төлем құжатына қолын қойған кезде, оны талабы бойынша Банк Клиентке қағаз тасымалдағыштағы осы Келісімшартты Клиентке тапсырады. Клиент осы Келісімшартта қарастырылмаған басқа да қызметтерді алғысы келген жағдайларда, Банктің басқа Төлем қызметтерін көрсетуі үшін жеке келісімшарттар жасау талап етіледі.

## **6. Дауларды шешу тәртібі**

6.1. Осы Келісімшартпен реттелмеген сұрақтарды шешуде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және (немесе) халықаралық келісімшарттарды басшылыққа алады

6.2. Келісімшарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Осы Келісімшарттан туындаған барлық даулар мен оған қатысты келіспеушіліктер келіссөз арқылы шешіледі. Осы Келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерге қатысты Клиенттің арызын Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында арыздарды қарауға белгіленген мерзімде қарастырады. Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Банктің қалауы бойынша, Банк немесе оның филиалы орналасқан жерде сот тәртібінде қаралуы тиіс.

6.3. Клиент пен бенефициар арасындағы есептерге қатысты өзара кінәраттар Банктің қатысуынсыз өзара қарастырылады.

## **7. Құпиялылық**

7.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Операциялардың құпиялығына кепілдік береді. Ақпарат (соның ішінде банктік құпияға жататын ақпарат) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген негіздер бойынша, сонда көрсетілген тұлғаларға, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне, ҚКЗ/ТҚ Заңына сәйкес қаржылық мониторинг жүргізуші мемлекеттік органға, Банкіге қатысты аудит/тексеру жүргізу аясында аудиторларға, банктік конгломерат құрамына кіретін заңды тұлғаларға, банк – корреспонденттер жүргізілген Операцияның заңды екеніне күдіктенгенде немесе аталған ақпарат олардың Операция жүргізуіне қажет болғанда, соңғыларының сұранысы бойынша және (немесе) контрагент Банктен алған ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламайтыны туралы міндет қабылдаған тұлғамен Банк келісім жасаған жағдайда, Банктің контрагентіне беріледі.

7.2. Клиент осы Келісімшартта және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасында,

белгіленген тәртіпте Төлем қызметтерін көрсету туралы нұсқауын бере отырып, Банктің осы Келісімшарттың шарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ақпараттарды (соның ішінде банктік құпияға жататын ақпаратты) беруіне ресми жазбаша келісімін береді.

7.3. Осы Келісімшарттың 1-Қосымшасына сәйкес Клиенттің мәліметтерін Банктің жинауына және өңдеуіне Клиент өзінің сөзсіз келісімін береді.

7.4. Осы арқылы Клиент Банкке АҚШ-тың шетелдік шоттар бойынша салық талаптарын орындау туралы заңы (FATCA) шеңберінде талап етілетін ақпараттар мен құжаттарды, соның ішінде Банктің сұранысымен толтырылған АҚШ IRS үлгісін АҚШ-тың Федералды салық қызметіне (Клиентке қатысты АҚШ-тың шетелдік шоттар бойынша салық талаптарын орындау туралы заңы (FATCA) әрекет еткен жағдайда) беруіне өз келісімін береді.

## **8. Қорытынды шарттар**

8.1. Бұл Келісімшарт, оның шарттарына қатысты, Тараптардың бір-біріне толық сенімді екенін білдіреді.

8.2. Осы Келісімшарт мемлекеттік және орыс тілдерінде заңдық күштері бірдей, бір-біріне сайма-сай жасалды. Түсініктеме басқаша оқылған немесе онда қарама-қайшылықтар болған жағдайда орыс тіліндегі нұсқасы, осы Келісімшарттың мемлекеттік тілді жасалған нұсқасы алдында басым күшке ие болады.



Банктік шот ашпастан, төлемдер және (немесе)  
ақша аударымдарын жүргізу жөніндегі келісімшарттың  
**1-Қосымшасы**

**Дербес деректерді жинауға және  
өңдеуге  
келісімі**

Осы құжат арқылы Субъекті «Нұрбанк» АҚ-ға (бұдан былай – Банк) Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық/үкіметаралық келісімдермен, шетелдік заңнаманың, оның ішінде FATCA талаптарын орындау үшін Банк пен Субъекті немесе оның өкілі арасында жасалған қандай да бір операцияларды жүргізу, кез келген іс-әрекеттерді жасау, қандай да бір мәмілелер жасасу (немесе жасалуы мүмкін) немесе орындауға қатысы бар және (немесе) қатысы болуы мүмкін әрекеттерді, жүргізу үшін автоматтандыру құралдарын пайдалану және/немесе пайдаланусыз дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, дара биліктен айыру, бұғаттау және жою (бұдан былай – дербес деректерді жинау және өңдеу), мыналарды қоса, бірақ бұлармен шектелмей: файлға жазу, көшірме жасау, резервтік көшірме жасау, қорғау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, анықтау (жаңғырту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, дара биліктен айыру, бұғаттау, алып тастау, жою, тарату (оның ішінде беру, трансшекаралық беру (тиісті шетел мемлекеті берілетін ондай деректердің қорғалуын қамтамасыз етуіне қарамастан) қол жеткізу, оның ішінде қандай да бір операцияларды жүргізу, кез келген іс-әрекеттерді жасау, қандай да бір мәмілелер жасасу (немесе жасалуы мүмкін) немесе орындауға қатысы бар және (немесе) қатысы болуы мүмкін сенімді тұлғалардың, заңды өкілдердің, серіктес қарыз алушылардың, кепілгерлердің, кепіл болған тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Келісімде тікелей қарастырылған жағдайларда үшінші тұлғалардың қол жеткізу шараларын жүзеге асыруға өзінің келісімін береді.

**Согласие  
на сбор и обработку персональных данных**

Субъект путем подписания настоящего документа, предоставляет свое согласие Акционерному обществу «Нурбанк» (бұдан былай – Банк) осуществлять действия, направленные на накопление, хранение, изменение, дополнение, использование, распространение, обезличивание, блокирование и уничтожение персональных данных (бұдан былай – сбор и обработка персональных данных) с использованием средств автоматизации и/или без использования таковых, включая, но, не ограничиваясь, запись, копирование, резервное копирование, защиту, систематизацию, накопление, хранение, уточнение (обновление, изменение), извлечение, использование, обезличивание, блокирование, удаление, уничтожение, распространение (в том числе передачу, трансграничную передачу (независимо от обеспечения соответствующим иностранным государством защиты передаваемых таких данных), доступ, в том числе доверенным лицам, законным представителям, созаемщикам, залогодателям, гарантам, поручителям, а также третьим лицам в случаях, прямо указанных законодательством Республики Казахстан или в настоящем Соглашении, которые имеют и/или могут иметь отношение к проведению операций/осуществлению действий/заключению и/или исполнению любых сделок, заключенных/которые возможно будут заключены между субъектом или его представителем и Банком и при совершении иных действий (операций), необходимых для выполнения требований, установленных законодательством Республики Казахстан, международными/межправительственными соглашениями, иностранного законодательства, в том числе требованиями FATCA.

1. Қағаз тасығыштағы және (немесе) ақпараттық жүйелердегі және (немесе) Банктің кез келген деректер базасындағы электрондық форматта субъектінің дербес деректерін жинау және өңдеу, оның ішінде мына мақсаттарға:

1) Субъектіге (оның өкіліне) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған банктік және өзге қызметтерді көрсету, соларды Банк субъектіге (оның өкіліне) тиісті келісімшарттардың (келісімдердің) шарттарымен көрсетеді, операцияларды/төлемдерді орындау, қате есепке алынған сомаларды қайтару, сомаларды іздеу үшін, т.с.с.; субъектінің (оның өкілінің) өтінішін қарау үшін;

2) Банкпен мәміле жасау мүмкіндігін, мәміле жасалуын, Банк операция жүргізу, субъект айтқан әрекеттерді Банктің орындау мүмкіндіктерін қарастыру үшін;

3) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін Банк субъектінің дербес деректерін субъектінің (оның өкілінің) контрагенттеріне және субъектінің (оның өкілінің) тапсырмаларын аударатын/бағыттайтын/процессингілейтін барлық банктерге\процессингілік компанияларға\төлем жүйелеріне беруі мүмкін;

4) тапсырмалардың, бұйрықтардың, өкімдердің, нұсқаулардың, т.с.с. шеңберінде, оның ішінде бағалы қағаздардың Қазақстан Республикасындағы нарығында, халықаралық ұйымдастырылған/ұйымдастырылмаған шетелдік нарықта мәмілелерді және/немесе операция жасау, жүзеге асыру, орындау үшін Банк субъектінің дербес деректерін есеп жүргізетін ұйымдарға, депозитарийлерге, кастодиантқа, шетелдік кастодиантқа, қор биржаларына, халықаралық есептесу (төлем) жүйелеріне, субъектінің (оның өкілінің) контрагенттеріне, және субъектінің (оның өкілінің) ондай мәмілелерді және/немесе операция жасау туралы тапсырмаларды, бұйрықтарды, өкімдерді, нұсқауларды, т.с.с. аударатын/бағыттайтын/процессингілейтін барлық банктерге\процессингілік компанияларға беруі мүмкін;

5) Банктің ішкі бақылауы және есебін

1. Сбор и обработка персональных данных субъекта на бумажных носителях и (или) в электронном формате в информационных системах и (или) любых базах данных Банка осуществляется, в том числе, для следующих целей:

1) оказания субъекту (его представителю) банковских или иных услуг, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, которые будут оказаны субъекту (его представителю) Банком на условиях соответствующих келісімшартов (соглашений), исполнения операций/платежей, возврата ошибочно зачисленных сумм, поиска сумм и т.д; для рассмотрения заявки субъекта (его представителя);

2) рассмотрения возможности заключения и заключения сделок с Банком, проведения Банком операций, выполнения Банком указанных субъектом действий;

3) осуществления денежных переводов персональные данные субъекта могут быть предоставлены Банком контрагенту субъекта (его представителя) и всем банкам/процессинговым компаниям/платежным системам, через которые проходит перевод/маршрутизация/процессинг поручений субъекта (его представителя);

4) заключения, совершения, исполнения сделок и/или операций в рамках поручений, приказов, распоряжений, указаний и т.д., в том числе на рынке ценных бумаг Республики Казахстан, международном организованном/неорганизованном зарубежном рынке, персональные данные субъекта могут быть предоставлены Банком учетным организациям, депозитариям, кастодиану, зарубежному кастодиану, фондовым биржам, международным расчетным (платежным) системам, контрагентам субъекта (его представителя) и всем банкам/процессинговым компаниям, через которые проходит перевод/маршрутизация/процессинг таких поручений, приказов, распоряжений, указаний и т.д. на совершение сделок/выполнение операций;

5) внутреннего контроля и учета Банка, а также для контроля и подтверждения надлежащего исполнения субъектом (его представителем) и Банком своих обязательств,

жүргізу, сонымен қатар субъекті (оның өкілі) мен Банк қолданыстағы тиісті келісімшарттар (келісімдер) бойынша өз міндеттелерін тиісінше орындағанын бақылау және растау үшін;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іскерлік қатынас орнатқан және клиенттің операцияларын жүзеге асырған кезде Банк өз клиентін тиісінше тексеру міндетін атқаруы үшін;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсатсыз операция жүргізілу тәуекелдерін азайту мақсатында Банк өз клиентін сәйкестендіру міндетін атқаруы үшін;

8) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде бухгалтерлік есепте қолданылатын бастапқы құжаттарды сақтау және есебін жүргізу міндетін атқаруы үшін;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттарды, материалдарды, досьелерді сақтау міндетін атқаруы үшін;

10) тиісті келісімшарттар (келісімдер) бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда ондай келісімшарттар (келісімдер) бойынша берешектерді өндіріп алу сондай-ақ кепілзаттық мүлікті сату ісі тапсырылатын коллекторлық агенттіктермен және (немесе) басқа мамандандырылған тұлғалармен немесе Банктің жұмыскерімен жұмыс істеу үшін;

11) бір қарыз алушыға байланысты ең жоғарғы тәуекелді есептеу және пруденциалды, өзге нормативтер мен лимиттерді сақтау үшін;

12) есептілікті және/немесе ақпаратты Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына, «Қазақстанның жеке тұлғалардың депозиттерін кепілдендіру қоры» АҚ-ға беру үшін;

13) шақырылған мамандандырылған үшінші тұлғалар Банктің жұмысына аудит жүргізуі үшін;

14) үшінші тұлғалар Банк пайдалынатын бағдарламалық жабдықтарға қызмет көрсетулері және сүйемелдеулері үшін;

15) мамандандырылған үшінші тұлғалар Банктің мүлкі мен субъектіге тиесілі мүлікті

по соответствующим келісімшартам (соглашениям);

6) выполнения обязанности по надлежащей проверке Банком своего клиента при установлении деловых отношений и осуществлении операций клиента в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

7) выполнения Банком обязанности по идентификации клиента в целях минимизации рисков несанкционированных операций в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

8) выполнения Банком обязанности по хранению и учету первичных документов, используемых в бухгалтерском учете в течение сроков, установленных законодательством Республики Казахстан;

9) выполнения Банком обязанности по хранению документов, материалов, досье установленных Национальным Банком Республики Казахстан, а также иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;

10) целей работы Банка с коллекторскими агентствами и (или) иными специализированными лицами или работниками Банка, которым будет поручено осуществить мероприятия по взысканию задолженности по соответствующим келісімшартам (соглашениям), в случае нарушения обязательств по таким келісімшартам (соглашениям), а также проведения торгов связанных с реализацией залогового имущества;

11) расчета Банком максимального размера риска на одного заемщика и соблюдения пруденциальных и иных нормативов и лимитов;

12) предоставления отчетности и/или информации в уполномоченные органы Республики Казахстан, АО «Казахстанский фонд гарантирования депозитов физических лиц»;

13) осуществления аудита деятельности Банка привлекаемым специализированным третьим лицом;

14) осуществления сопровождения и обслуживания третьими лицами программного обеспечения, используемого Банком;

15) осуществления оценки специализированными третьими лицами

бағалаулары үшін;

16) Егер тиісті келісімшарттардың, Банк өнімдерінің шарттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында сақтандыру көзделсе тәуекелдерді сақтандыруды және (немесе) сақтандырудың басқа түрлерін жүзеге асыру үшін;

17) Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіп пен шектеулерді ескере отырып, сәйкестендіру және Банктің ғимараттарына/ақпараттық жүйелеріне кіру мақсатында;

18) Банктің қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін;

19) ақпаратпен алмасу үшін, оның ішінде субъектінің (және\немесе үшінші тұлғалардың) жүгінімдеріне, шағымдарына, ұсыныстарына, кінәрат тағуларына, тапсырмаларына және т.с.с., жауап беру үшін, курьердің, курьерлік қызметтің көрсететін қызметтері арқылы жөнелту (жеткізу)\алу субъектінің (оның өкілінің) мекенжайына корреспонденция (пошталық жіберім) жөнелту (алу) үшін;

20) егер Банк пен субъекті (оның өкілі) арасында жасалған тиісті келісімшарттардың (келісімдердің) шарттарында талап ету құқығын шегіну көзделсе Банк пен субъекті (оның өкілі) арасында жасалған тиісті келісімшарттар (келісімдер) бойынша талап ету құқығын шегіну үшін;

21) субъектіге кез келген ақпараттық материалдарды, оның ішінде Банктің өнімдері және\немесе көрсететін қызметтері туралы, сондай-ақ телефон, факсимилді байланыс, байланысудың басқа түрлері, сондай-ақ байланысудың ашық арналары (SMS, e-mail, факс, элеуметтік желілер және т.с.с.) арқылы басқа да хабарламаларды беру (жөнелту) үшін;

22) тиісті келісімшарттар бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда немесе туындаған даулы жағдаяттарды, үшінші тұлғалармен болатын даулы жағдаяттарды да қоса сотта да соттан тыс Банктің құқығын қорғау үшін;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісімшарттармен белгіленген басқа

имущества Банка и имущества, принадлежащего субъекту;

16) осуществления страхования рисков и (или) иных видов страхования, если такое страхование предусмотрено условиями соответствующих келісімшартов, продуктов Банка, законодательством Республики Казахстан;

17) идентификации и предоставления доступа в здания/информационные системы Банка в порядке и с учетом ограничений, предусмотренных Банктің ішкі құжаттарымен;

18) обеспечения режима безопасности Банка;

19) обмена информацией, в том числе, для рассмотрения и(или) предоставления ответов на обращения, жалобы, предложения, рекомендации, претензии, поручения и т.д. субъекта (и/или третьих лиц), передачи (получения) корреспонденции (почты) в адрес субъекта (его представителя) для отправки (доставки)/получения посредством услуг курьера, курьерской службы и т.д.;

20) уступки Банком прав требования по келісімшартам (соглашениям), заключенным между субъектом (его представителем) и Банком, если такая уступка предусмотрена условиями соответствующих келісімшартов (соглашений), заключенных между субъектом (его представителем) и Банком;

21) предоставления (направления) субъекту любых информационных материалов, в том числе, о продуктах и/или услугах Банка, а также иных уведомлений посредством телефонной, факсимильной связи, иных видов связи, а также по открытым каналам связи (в том числе SMS, e-mail, факс, социальные сети и т.п.);

22) судебной и внесудебной защиты прав Банка в случае нарушения обязательств по соответствующим келісімшартам или возникновения спорных ситуаций, включая спорные ситуации с третьими лицами;

23) иных целей, установленных законодательством Республики Казахстан или международными келісімшартами, ратифицированными Республикой Казахстан.

мақсаттар үшін.

2. Субъектінің дербес деректеріне субъектіге қатысты, электрондық, қағаз немесе басқа да материалдық тасымалдағышта тіркелген, келесі деректер қамтылған, бұлармен шектелмей:

(дербес деректер тізбесі Субъекті тізбеді көрсетілген барлық өзінің дербес деректерін береді дегенді білдірмейді. Субъектіге қызмет көрсету үшін және/немесе оның тапсырмасын орындау үшін Банкке қажет болатын дербес деректердің қажетті көлемін беруі тиіс)

1) сауалнаманы толтыру және сәйкестендіру досьесін тиісінше түзу үшін қажетті мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда); азаматтығы; жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; жеке сәйкестендіру нөмірі; туған күні мен деректері; жынысы; фотобейнесі; тіркелген мекенжайы/нақты тұратын мекенжайы, жұмыс орны мен лауазымы; телефон нөмірлері (үй, жұмыс, ұялы) электрондық поштасының мекенжайы; мекенжай анықтамасында қамтылған ақпарат; қолы;

2) отбасылық/әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет: некесі қиылғаны туралы куәліктің деректері, жұбайының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, асырауында адам немесе отбасында басқа адамдары бар/жоғын; туыстық қатысы, асырауындағы адамның немесе отбасындағы басқа адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, туған күндері;

3) білімі, кәсібі, қызметтік жағдайы, іскерлік абыройы туралы мәлімет: білімі, мамандығы, біліктілігі, лауазымы, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректері, лицензия болуын талап ететін жұмыспен шұғылдану лицензиясының, аттестатының, патенттерінің, дипломдарының, сертификаттарының деректері; сотты болғаны/болмағаны, қылмыстық/әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы ақпарат;

4) Банк (операция жүргізу, мәміле жасасу, әрекет жасасу) қызмет көрсетуіне байланысты мәлімет: келісімшарттардың, оларға жасалған қосымша келісімдердің

2. Персональными данными субъекта являются любые относящиеся к субъекту сведения, зафиксированные на электронном, бумажном или ином материальном носителе, которые могут содержать следующие данные, но, не ограничиваясь:

(перечень персональных данных не означает, что субъект должен предоставить все свои персональные данные, содержащиеся в перечне. Субъект должен предоставлять необходимый объем персональных данных, который потребуется Банку для оказания соответствующей услуги и/или выполнения операции)

1) сведения, необходимые для заполнения анкеты и надлежащей идентификации формирования досье: фамилия, имя, отчество (при наличии); гражданство; данные документа, удостоверяющего личность; индивидуальный идентификационный номер; дата и данные о рождении; пол; фотоизображение; регистрация по месту жительства/фактического места жительства, место работы и должность; номер телефона (домашний, рабочий, сотовый), адрес электронной почты; информация, содержащаяся в адресной справке; подпись;

2) сведения о семейном/социальном положении: данные свидетельства о заключении брака, фамилия, имя, отчество (при наличии) супруга(и), данные документа, удостоверяющего личность супруга(и); наличие/отсутствие иждивенцев или иных членов семьи; степень родства, фамилии, имена, отчества и даты рождения других членов семьи, иждивенцев;

3) сведения об образовании, профессиональной деятельности, служебном положении, деловой репутации: образование, профессия, квалификация, должность, данные свидетельства о государственной регистрации индивидуального предпринимателя, данные лицензии на осуществление лицензируемой деятельности, аттестатов, патентов, дипломов, сертификатов; информация о наличии/отсутствии судимости, привлечении к уголовной/административной ответственности;

4) сведения, связанные с оказанием Банком услуг (проведением операций, заключением

мәтіні, өтініштер, келісулер, хат жазысу, операция (төлем, кассалық және басқа құжаттар) жүргізу туралы нұсқаулар, құқық беретін құжаттары;

5) кредиттік тарихы туралы мәлімет, төлем қабілеттігін саралау үшін қажетті мәлімет: зейнетақылық аударымдары туралы мәлімет, табысы және шығыстары туралы мәлімет, оның ішінде сенімгерлік басқарудағы және сенімгерлік сақтаудағы банктік салымдары, банктік шоттары, банктік қарыздары, ақшалай қаржысы мен бағалы қағаздары бар/жоғы, туралы мәлімет;

б) мүлкі (мүліктік жағдайы) туралы мәлімет: банктік қарыз бойынша қамтама болып табылатын субъектінің және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкі туралы мәлімет, сондай-ақ субъектінің кез келген басқа мүлкі, ондай мүліктің қандайда болмасын бейнелері/фотобейнелемесі т.с.с. мәліметтер, мүлікке ауыртпалық салынғаны/салынбағаны туралы мәлімет, сәйкестендіру деректері, ауыртпалықты тіркеу туралы мәлімет; мүліктің жалпы сипаттамасы; құны; мүлік орналасқан мекенжай, мемлекеттік тіркеу деректері, субъектінің заңды тұлғалардың капиталына қатысуы – қатысу үлесі/акцияларының саны туралы мәлімет;

7) іскерлік қарым-қатынастарының мақсаты мен сипаттамалары туралы мәлімет жатады.

### 3. Осымен субъект:

1) осы Келісімнің мазмұны мен мәтіні оған түсінікті екенін, Келісімді түсінуге және оған қол қоюға кедергі болатындай жағдаяттардың жоқ екенін;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін не болмаса Банк алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда осы Келісім кері қайтарылуға жатпайтынын;

3) Банк Қазақстан Республикасында белгіленген жағдайларда берешекті өндіріп алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген іс-шараларды жүргізу мақсатында субъектінің келісімінсіз оның дербес деректерін, оның ішінде басқа банктерден және(немесе) ұйымдардан жинауға және

сделок, выполнением действий): тексты келісімшартов и дополнительных соглашений к ним, заявления, согласия, переписка, указания о проведении операций (платежные, кассовые и иные документы), правоустанавливающие документы;

5) сведения о кредитной истории, сведения, необходимые для оценки платежеспособности: сведения о пенсионных отчислениях, сведения о доходах и расходах, сведения о наличии/отсутствии банковских вкладов, банковских счетов, банковских займов, денег и ценных бумаг, в том числе, находящихся в доверительном управлении и на доверительном хранении;

б) сведения об имуществе (имущественном) положении: сведения об имуществе субъекта и/или имуществе третьих лиц, которое является обеспечением по банковскому займу, а также об ином (любом) имуществе субъекта, изображение/фотоизображение такого имущества в любом формате и т.д., сведения о наличии/отсутствии обременений на имущество; идентификационные данные, данные о регистрации, обременении; общие характеристики имущества; стоимость; адрес (место нахождения) имущества, данные государственной регистрации, информация об участии субъекта в капитале юридических лиц – доля участия/количество акций;

7) сведения о цели и характере деловых отношений.

### 3. Настоящим, субъект подтверждает, что:

1) смысл и текст настоящего Соглашения ему понятен, отсутствуют какие-либо обстоятельства, препятствующие для понимания текста Соглашения и его подписания;

2) настоящее Соглашение не подлежит отзыву в случаях, если это противоречит законодательству Республики Казахстан, немесе при наличии неисполненного обязательства перед Банком;

3) Банк вправе производить сбор и обработку персональных данных без согласия субъекта в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, в том числе, в иных банках и (или) организациях для целей проведения любых, не запрещенных законодательством Республики Казахстан, мероприятий по взысканию задолженности;

өңдеуге құқылы екенін;

4) Банк субъектінің дербес деректерін субъектінің өзінен және кез келген үшінші тұлғалардан жинауға (алуға), сондай-ақ егер бұл жағдай осы құжатта, Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық құқық пен халықаралық келісімшарттарда белгіленсе, субъектінің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге\ жалпылама қолжетімді дербес деректер көздерінде таратуға құқылы екенін;

5) егер субъекті (оның өкілі) мен Банк арасында жасалған тиісті мәміледе, келісімшартта субъектінің дербес деректерін Банктің байланысудың ашық арна арқылы жіберу қарастырылса/қарастырылатын болса субъект үшінші тұлғалардың деректерді рұқсатсыз алу тәуекелі барын ұғынатынын және де ондай тәуекелдерді мойындайтынын;

6) субъектіні Банк үшінші тұлғалардан оның дербес деректерін алғандығы және(немесе) үшінші тұлғаларға бергендігі жөнінде хабардар етудің қажеті жоқ екенін, ондай дербес деректерді Банк субъектінің рұқсатынсыз жинай береді (бере береді) және өңдейді;

7) осы Келісім әмбебап болып табылады да кейіннен Банктің кез келген қызметін (тапсырманы орындау) алу мүмкіндігімен субъект оны бір рет қана береді және субъектіден екінші мәрте талап етілмейді;

8) осы Келісімді үшінші тұлға субъектінің дербес деректерін жинатуға және өңдетуге субъектінің Банкке келісімін бергенінің дәлелі ретінде берілгенін растайды.

4) Банк вправе собирать (получать) персональные данные субъекта от самого субъекта и любых третьих лиц, а также передавать персональные данные субъекта третьим лицам/распространять в общедоступных источниках персональных данных, если это установлено настоящим документом, законодательством Республики Казахстан и требованиями международного права, международных келісімшартов;

5) в случае, если соответствующей сделкой, келісімшартом, заключенными между субъектом (его представителем) и Банком, предусмотрена/будет предусмотрена передача Банком по открытым каналам связи персональных данных субъекта, субъект осознает риск несанкционированного получения их третьими лицами и принимает на себя такой риск;

6) уведомление субъекта о получении Банком от третьих лиц и (или) передаче Банком персональных данных субъекта третьим лицам не требуется, такие персональные данные могут собираться (передаваться) и обрабатываться Банком без уведомления субъекта;

7) настоящее Соглашение является универсальным и предоставляется субъектом один раз, с целью возможного получения в дальнейшем любой услуги (выполнения операций) Банка без повторного истребования согласия субъекта;

8) настоящее Соглашение может быть представлено третьим лицам в качестве доказательства о том, что согласие на сбор и обработку персональных данных субъекта было предоставлено субъектом Банку.